«ЕЛІМІЗДІҢ ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТІН ӘРІ ҚАРАЙ АРТТЫРУ ҮШІН БІРҚАТАР ЖОБАЛАР ҚОЛҒА АЛЫНАДЫ. КЕЛЕСІ ЖЫЛЫ СОНЫҢ БІРІ – ТҮРКІСТАН-ШЫМКЕНТ-ТАШКЕНТ ТЕЛІМІНДЕ ДАРБАЗА-МАҚТААРАЛ ЖӘНЕ ДОСТЫҚ-МОЙЫНТЫ ЖЫЛДАМДЫҒЫ ЖОҒАРЫ ТЕМІРЖОЛ ЖЕЛІСІ ҚҰРЫЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОСПАРЛАНУДА»

Бейбіт Атамқұлов,
ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ
ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№95 (2703)
16/11/2021

ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ КУӘЛІГІН АЛДЫ

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының филиалы Магистральдық желі дирекциясы мен еншілес ұйымы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС шаруашылықтар мен кадрларының 2021-2022 жылдағы қыс маусымында жұмыс істеуге дайындығы туралы куәлік алды.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан

Қатал маусым алдындағы емтихан іспеттес күзгі байқаудан сүрінбей өткенін растайтын құжатқа «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары Қанат Әлмағамбетов пен «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі кәсіби одағы» ҚБ-нің төрағасы Оразғали Ахметбаев қол қойған.

Еске сала кетсек, қыс маусымындағы жұмысқа дайындықты ұйымдастыру үшін «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясында штаб құрылған болатын. Осыған ұқсас штабтар құрылымдық бөлімшелер мен еншілес ұйымдарда, сондай-ақ, аймақтардағы жол бөлімшелерінде де ұйымдастырылып, оларға жергілікті теміржол мекемелерінің басшылары жетекшілік еткен. Компания бойынша биыл 187 шараны орындау және оларды қараша айының 1-не дейін аяқтау қарастырылған. Негізгі шаралар – жылжымалы құрамдарды, теміржолдар бойындағы қар тазалайтын және жинайтын техникаларды, өндірістік-техникалық ғимараттар мен қазандықтарды қысқа дайындау болды. Сонымен қатар алдағы қыста бірінші рет жұмысқа кіріскелі отырған мамандарды қатал маусымда жұмыс істеу тәсілдеріне оқытып, үйретіп және кадрларды жылы қысқы киімдермен, көмірмен қамтамасыз ету мақсат етілген. Міне, осы шаралар толықтай орындалып, талап үдесінен шыққан.

«Магистральдық желі дирекциясы бойынша қысқа қамданыс барысында 82 іс-шараны орындау қарастырылды. Биыл біздің филиал бойынша 1600-ге жуық «алғашқы қыстаушы» техникалық сабақтарға қатысып, оларға нұсқаулықтар жүргізілді, олар тәжірибелі мамандарға бекітілді. Ғимараттар ағымдық жөндеуден өтіп, қазандықтардың техникалық жай-күйі толық тексерілді. Әсіресе, қар тазалау техникалары айрықша назарға алынды. Олардың бірқатары деполық жөндеуден өтсе, екіншілері қызмет мерзімін ұзарта отырып, жөнделді. Жұмысшылардың арнайы қыстық аяқ киім және жылы киімдермен, жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етілуі де басшылық назарынан қалыс қалмады. Тұрмыстық-техникалық көмірдің жеткізілуінде де ешқандай мәселе туындаған жоқ. Бәрі бекітілген кестеге сай жүзеге асуда. Сондай-ақ, техникаларға, өзге де мұқтаждықтарға қажетті қысқы жанар-жағармай материалдары қоры жасалды», – дейді Магистральдық желі дирекциясы директорының орынбасары Бахытбек Алдажаров.

Ал «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС алдағы қыс маусымына дайындық барысында локомотив шаруашылығына, соның ішінде әр локомотивтің техникалық, эстетикалық және өртке қарсы жағдайына айрықша назар аударған. Сондай-ақ, электржылжымалы құрамда түйіспелі сымның мұздануына қарсы күресетін вибропантографтар сияқты жабдықтардың қалтқысыз қызметі, торапта мен жүйелерді қысқы режимге ауыстыруы қарастырылды. Сонымен қатар қазандықтарды дизель отынымен, вагон шаруашылығын тежегіш табандықтармен, материалдар және қосалқы бөлшектер қорымен, сигнал шамдарымен қамтамасыз ету жоспарға сай жүзеге асырылған. Темір тұлпардың оң қанатына биыл қыста бірінші рет отыратын машинистердің жанына тәжірибелі көмекшілері бекітілсе, сәйкесінше алғашқы қыстаушы-көмекшілер білікті машинистермен сапарға шығатын болады. Мұнда да көмір, жанар-жағармай қоры жасалған. Мінсіз әзірліктерімен ерекшеленген төрт филиал үш орынды өзара бөліскен. 1-орынды Семей ЖТ бөлімшесі иеленсе, 2-орынды Павлодар ЖТ бөлімшесі, ал 3-орынды Ақмола мен Шымкент бөлімшелері алды.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ЕРЛАН АБСАТОВ,
генеральный директор
Союза транспортников Казахстана:

KAZLOGISTICS ВЫСТУПАЕТ ЗА РАЗВИТИЕ И СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ МЕЖДУНАРОДНЫХ КОРИДОРОВ, ПРОХОДЯЩИХ ЧЕРЕЗ КАЗАХСТАН, И СОЗДАНИЕ ЛУЧШИХ УСЛОВИЙ В СРАВНЕНИИ С МАРШРУТАМИ ДРУГИХ СТРАН. В ПЕРСПЕКТИВЕ НЕОБХОДИМО РАЗВИВАТЬ АЛЬТЕРНАТИВНЫЕ МАРШРУТЫ ЧЕРЕЗ ОТЕЧЕСТВЕННЫЕ МОРСКИЕ ПОРТЫ ДЛЯ ПРИВЛЕЧЕНИЯ ТРАНЗИТНЫХ ГРУЗОВ ИЗ СТРАН ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ, МЕЖДУНАРОДНОГО ТРАНСПОРТНОГО КОРИДОРА СЕВЕР – ЮГ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

«ҚАМҚОР ВАГОН» ЖШС ЖЫЛ САЙЫН
25 000
ДОҢҒАЛАҚ ЖҰБЫН ЖӨНДЕЙДІ

КОРПОРАТИВТІК МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАҒА ЕНГІЗІЛГЕН «КОМПЛАЕНС» МОДУЛІНІҢ
100 000
АСТАМ ҚОЛДАНУШЫСЫ – ҚТЖ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ ОН АЙЫНДА
26 млн
ТОННА КӨМІР ЭКСПОРТҚА ШЫҒАРЫЛҒАН

Су жолы

КЕМЕ ҚАТЫНАСЫ ҚҰЛАШЫН ЖАЗУДА

Қазақстан мұхитқа тіке шыға алмайтын мемлекеттер тізімінде болса да Каспий теңізі арқылы Әзербайжан, Иран елдеріне шығу мүмкіндігіне ие. Бүгінде Маңғыстау түбегінің Ақтау және Құрық порттарынан кемеге тиеліп, ежелгі атауы Хазар атанған теңіз арқылы шетелдерге жөнелтіліп жатқан жүк тасымалында шек жоқ. Ал енді, міне, Құрық-Баку-Құрық бағдары бойынша «Professor Gul» паромына жолаушылар билеті де сатыла бастағаны аян болып отыр.

Ислам ТАЛҒАТ,
Нұр-Сұлтан



Егер сіз турист немесе бизнесмен болсаңыз, демалып немесе уақытты пайдалы өткізгіңіз келсе, Бакуге теңіздің тамаша көрінісін тамашалап, кемемен барудың керемет сәті туып тұрған жоқ па?! Атап өтерлігі, «Professor Gul» кемесі жолаушылармен қатар жүк, автомобиль, теміржол вагондары, трейлер және рефрижераторлық жүктерді де тасымалдайды. Демек, Әзербайжан елінен автомобиль алып келемін десеңіз де ешқандай қиындық жоқ. Ал кеменің қауіпсіздігіне келсек, ол әлемдік стандарттарға сай құрастырылып, жаңа радионавигациялық жабдықтармен, сондай-ақ, жел-дауыл кезінде кемені тұрақтандыру жүйесімен жабдықталған. Жолаушылар талғамына және қаржылық жағдайына қарай 2 және 4 орындық каюталарда орналаса алады, сондай-ақ 6 орындық каюта да бар. Жолаушыларға арналған орын саны – барлығы 79. Вагон палубасына келсек, ол 4 жолдан тұрады және 28 теміржол вагонына арналған.

Жолаушыларды паромдарда және Ро-Ро типті кемелерде тасымалдау тарифтеріне келсек, бір жолаушыға бір бағыттағы тасымал құны АҚШ долларымен келесі шарттарды құрайды. Яғни, 2 орындық каютаның бір адамға шаққандағы билет құны 80$, 4 орындық каютаның бір адамға билет құны 70$, 6 орындық каютаның бір адамға билет құны 60$ құрап отыр. Бұл жерде билет құнына жолаушының тамағы да кіреді екен. Сонымен қатар 5 жасқа дейінгі балалардың жол жүруі тегін болса, 6 жастан 12 жасқа дейінгі балаларға 50% жеңілдік қарастырылған. Ұлы Отан соғысының батырлары тегін жүре алса, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне 50% жеңілдік мүмкіндігі берілген. Бір жолаушыға қарастырылған тегін жол жүгінің нормасы 50 кг құраса, қосымша әрбір килограмы үшін 0,16 АҚШ доллары алынады. Төлем тек АҚШ долларымен ғана емес, теңгемен де жүргізілуі мүмкін. Бұл жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген төлем күніне АҚШ долларының бағамы қолданылатын болады. Ал билеттерді ticket@ferry.kz электрондық поштасы немесе 8 (7292) 50-03-46, +7 (702) 206 40 71 телефондары арқылы сатып алуға болады. Айта кетейік, Құрық портынан Бакудың Алят портына дейін паромның жүру уақыты 18-20 сағатты құрайды екен.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ОН АЙДА – 212 МЛН ТОННА

2021 жылдың 10 айында «ҚТЖ» ҰК» АҚ 212 млн тонна жүк тасымалдады. Оның ішінде ел ішіне жүктің 138 млн тоннасы жөнелтілсе, экспортқа 74 млн тоннасы шығарылған.

Үстіміздегі жылдың қаңтар-қазан айларында көмір тиелімі 3,7% өсіп, 86 млн тоннаны құраған. Соның ішінде, қазақстандық тұтынушыларға 60 млн тонна қатты отын жеткізіліп, бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 16% өскен. Ал шетелдерге 26 млн тоннасы жөнелтіліпті. Астық тиеу 2,6% артып, 7,2 млн тоннаға жетті. Оның ішінде 5,4 млн тоннасы экспортталып, өсім деңгейі 5,6% құраған. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» алға тартқан деректер, есепті кезеңде 14,5 млн тонна мұнай жүктері, 13 млн тонна құрылыс жүктері, 22,8 млн тонна темір кені мен марганец, 18 млн тонна түсті кен мен күкірт шикізаты, 3,2 млн тонна химиялық тыңайтқыштар, 4 млн тонна қара металдар тасымалданғанын көрсетіп отыр. Сонымен, биылғы 10 айдың қорытындысына келсек, пайдалану жүк айналымы өткен жыл деңгейіне қарағанда 2% артып, 197,2 млрд т-км неттоны құраған.

Нұрбек БЕКЕН

РЕЙТИНГ «BB» ДЕҢГЕЙІНДЕ

S&P Global Ratings халықаралық рейтинг агенттігі «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының ұзақмерзімді рейтингін «BB» деңгейіне дейін көтерді, ал ұлттық шкала бойынша рейтингі – «kzA»-дан «kzA+»-ға дейін өсті. Болжам – «Тұрақты».

Рейтингтердің жоғарылауы компания көрсеткіштерінің жақсаруымен байланысты. S&P Global Ratings-тегілер атап өткендей, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ өткен жылы EBITDA-ны 348 млрд теңге көлемінде қамтамасыз ете отырып, коронавирус инфекциясына байланысты стрестік жағдайда тұрақтылықты көрсетті.

Рейтингтік агенттік болжамдары бойынша, «Қазақстан темір жолы алдағы екі-үш жылда несиеге қабілеттіліктің қолайлы көрсеткіштерін паш ете отырып, атап айтқанда, ағымдағы мемлекеттік қолдаудың, жүк айналымының күтілетін қалыпты өсімінің және тарифтердің қолайлы көтерілуінің арқасында «FFO/борыш» қатынасы 12% жоғары деңгейде көрсететін болады».

Ұлан ОРАЗ

К ЕДИНОМУ ТРАНСПОРТНОМУ ПРОСТРАНСТВУ

Основные направления деятельности Евразийского союза транспортных, экспедиторских и логистических организаций (ЕСТЭЛО) рассмотрели в ходе общего собрания участников, которое прошло в режиме «онлайн».

ЕСТЭЛО объединяет крупнейшие транспортные, экспедиторские, логистические и автодорожные союзы, ассоциации и объединения Казахстана, России, Беларуси и Украины с целью обеспечения формирования Единого транспортного пространства стран – участниц союза.

На общем собрании эксперты рассмотрели ход выполнения основных направлений деятельности союза в текущем году, исполнение плана мероприятий «дорожной карты» по реализации Основных направлений транспортной политики на 2021-2023 годы, а также применение навигационных пломб.

Так, отмечалось, что уже в этом году Казахстан намерен подписать Соглашение о применении в Евразийском экономическом союзе (ЕАЭС) навигационных пломб для отслеживания перевозок. Работа над документом велась с 2017 года при участии экспертов стран ЕАЭС и работников Евразийской экономической комиссии. Преимуществами этого решения станут безопасный транзит товаров на пространстве ЕАЭС, а также исключение дополнительных форм контроля со стороны уполномоченных органов. Предполагается, что у каждой страны ЕАЭС будет свой национальный оператор, который возьмет на себя функции организации работы по применению навигационных пломб.

Кроме того, повестка дня включала обсуждение проекта плана взаимодействия ЕЭК и ЕСТЭЛО на 2022-2023 годы, основных направлений деятельности союза в следующем году, подготовку к подписанию меморандума о сотрудничестве между ЕСТЭЛО и Международным координационным советом по трансъевразийским перевозкам.

Роман ЛЮБИМОВ, Нур-Султан

KT
rail-news.kz
№95 (2703) 16/11/2021

КЕЛІССӨЗДЕР НӘТИЖЕСІН БЕРУДЕ

Ұлан ОРАЗ,
Нұр-Сұлтан

РЕСМИ

Қытай тарапы Қазақстанға бағытталған теміржол құрамдарының санын арттыруға және қазақстандық тарапта тұрып қалған жүктерді қабылдауға ниетін білдірді.

Осылай, Қазақстан мен Қытай мүдделі мемлекеттік органдары арасында COVID-19 жағдайында Қазақстан-Қытай шекарасындағы өткізу бекеттерінің жұмыс істеуі туралы келіссөздер нәтижесін беруде деуге болады.

Ағымдағы жылдың 11 қарашасында өткен келіссөзде тараптар көліктік-коммуникациялық өзара байланысты және аймақаралық байланыстарды нығайтуға, сауда-экономикалық ынтымақтастықтың сапасын арттыруға жәрдемдесуге бағытталған бұрын жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды ұстанатындықтарын растады. Нәтижесінде тараптар Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасының автомобиль және теміржол өткізу бекеттерінде өткізу қабілетін арттыру, автокөлік құралдары мен жүктерге қатысты эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізу бойынша бірлескен шаралар қабылдау туралы уағдаласты. Қытай тарапы жақын арада ҚР бағытындағы теміржол құрамдарының санын арттыру және қазақстандық тарапта тұрып қалған жүктерді қабылдау ниетін растады.

ЖАУАПСЫЗДЫҚ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

Жан ПЕРДЕБЕК,
Арыс

ҚАУІПСІЗДІК

Арыс жол дистанциясы Түркістан облысының бес ауданы арқылы өтетін темір жолдың күтіміне және қозғалыс қауіпсіздігіне жауапты. Оның үстіне оңтүстік аймақта халық тығыз орналасқан және көпшілігі мал ұстайтындықтан олардан келетін қауіп-қатер аз емес...

Жолшыларға пойыз машинистері мен станция кезекшілерінен немесе жол диспетчерінен жолға шығып кеткен мал туралы хабарламалар күнде келіп жатады. Салғырттықтың салдарынан тұрғындар малынан айрылып, ал мемлекет мүлкіне орасан шығын келіп жатқан оқиға да аз емес.

Арыс жол дистанциясының өндірістік-техникалық бөлім бастығы Бақытжан Сарыпбеков адамдардың бейғамдығы пойыздар қозғалысына үлкен қауіп төндіріп отырғанын алға тартты. Жыл басынан бері дистанцияға қарасты телімдерде жолға малдың шығып кетуіне байланысты шұғыл тежеу беру жағдайлары жиілеп кеткен. Өткен он айда мал басу оқиғасы 11 рет орын алған. Бұл өткен жылдармен салыстырғанда әлдеқайда көп.

«Біз теміржол бойында тұратын халықпен кездескен сайын теміржол төңірегіне малдарыңызды жаятын болсаңыздар қараусыз қалдырмаңыздар, болмаса арқандап жайыңыздар деп айтып-ақ келеміз. Жалпы, ереже бойынша малды теміржолдан 300 метр әрі жаю керек. Малды теміржолдан өткелдер, жол өтпелері, арнайы мал өтуге арналған жерлер арқылы ғана өткізу керек. Кейбір тұрғындар пойыз басып кеткен өз малын танып тұрса да айыппұлдан қашып, құлағындағы енін кесіп алып кететін жайттар да кездеседі», – дейді Б.Сарыпбеков.

Бұдан бөлек, қала маңына жақын аймақтарда адамдардың пойыз астына түсіп қалу оқиғалары да орын алып жатады. Биыл екі кісі өлімі тіркелген, екеуінде де адамдардың жауапсыздығы мен бейқамдығы себеп болған.

«Теміржолдан ары-бері өтуге тек белгіленген жерлерде ғана рұқсат берілгені, теміржол бойында бөгде адамдардың жүруіне мүлде тыйым салынғандығы туралы үнемі түсіндірме жұмыстарымызда ескертіп отырамыз. Бірақ, адам психологиясы солай екен, бастарына түспей, біздің ескертпелерімізге құлақ аса бермейді», – дейді өндірістік-техникалық бөлім бастығы.

Суретті түсірген автор

ТҰЙЫҚ ЖЕЛІЛЕРДЕ ЖҰМЫС ҚЫЗҒАН

СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

Аягөз станциясының теміржолшылары өткен он айды жоғары көрсеткішпен қорытындылады. Әйтсе де, жүк айналымы бойынша жыл соңына дейін жүзеге асырылуы тиіс шаралар бар. Бүгінде мысалы, байырғы клиент саналатын жекелеген жүк жөнелтуші компаниялар тапсырысын уақытында орындау мақсатында вагон тапшылығын болдырмау күн тәртібіне шықты.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Станция басшысы Нұржан Жақанов – тәжірибелі, білікті ұйымдастырушы. Айтуынша, өткен жылы Аягөз станциясы бойынша жаңадан ашылған тұйық желілер саны артқан, сол себептен де, оның нәтижесі жүк тиеу мен түсіру ісінде көрініс тауып отыр. Мәселен, өткен бір айдың ішінде ғана 120 вагонға жүк тиелсе, 643 вагонның жүгі түсірілген екен. Яғни, жүк айналымының бұлай артуын көршілес аудандардағы шаруалардың, аграрлық сектор өкілдерінің тапсырыс санын арттыруымен түсіндіруге болады. Соның нәтижесінде Өзбекстан мен Тәжікстан сынды Орта Азия елдеріне экспорттық тауарлар жөнелтілуде.

Жалпы, аягөздік теміржолшылар күздегі қауырт жұмысты алдын ала болжаған болатын. Сондықтан да, бүгінде станция басындағы маневрлік тепловоздар саны жеткілікті. Нәтижесінде қозғалыс жиілігі де жоғарылапты.

Станция қызметкерлері қауырт тапсырмалар арасында тас көмір тасымалына айрықша мән беріліп отырғанын айтады. Қазіргі таңда Аягөз қаласына айына орта есеппен алғанда 700-1000 тонна қатты отын жеткізіледі екен. Әрбір тұйық желі тәулігіне 20 вагон қабылдауға қауқарлы. Сондықтан болар, жергілікті тұрғындар арасында көмір сатып алуда ешқандай қарбалас туындамаған. Процесс барысын арнайы құрылған штаб бақылауға алған.

Сондай-ақ, жылдағы көрсеткішпен салыстырғанда металл сынықтары мен тыңайтқыштар, құрылыс материалдарын, жергілікті өнеркәсіп өнімдерін тиеу-түсіру ісі де жоғарылағаны байқалады. Әйтсе де, құрылыс материалдарын тиеу сәл саябырлаған. Алайда, бұл – уақытша құбылыс. Нарықтағы баға тұрақталған соң тапсырыс күрт артуы мүмкін.

Жалпы, өткен 10 ай ішінде жүк тиеу мен түсіру фактісі нақты жоспар бойынша жоғарылап отыр. Оған тағы бір себеп – қытайлық мердігер компания «Дәнекер Жол» ЖШС-нің қосымша тұйық желілер салуы болып отыр.

– Тораптық станция болғандықтан да күзгі мезгілде жүк айналымы бірден артады. Мәселен, жергілікті «Аягөз-Көмір» мекемесіне Қаражырадан қатты отын жеткізу мөлшері күрт ұлғайып отыр. Ал, қазір тұйық желілер есебінен жүк түсіру көлемі рекордтық көрсеткішке жетті, – дейді Аягөз станциясының басшылығы.

Станция басшысы Нұржан Серікқалиұлының айтуынша, ағымдағы жыл бойына экономикалық тиімділікті еселеуде де бірқатар батыл қадамдар жасалған. Дегенмен, басымдық беру қажет мәселелер де бар. Атап айтсақ, байырғы әріптес «Алина» ЖШС-нің құрылыс материалдарын жөнелтуде көрсеткішті арттыру қажет. Ол үшін алдағы уақыттарда қосымша шаралар қабылданатын болады.

Бүгінгі таңда штаттық кесте бойынша жалпы саны 54 теміржолшы еңбек ететін, маусымдық жағдайда тәулігіне 20 шақты жүп жүк пойызы, онға таяу жолаушы пойызы өтетін тораптық станциядағы жүк айналымы жыл соңындағы екі айда тіптен еселенеді деп күтілуде. Демек, аягөздіктерді жаңа жылға дейін бас көтермейтін қауырт жұмыс күтіп тұр.

Суретті түсірген автор

ШҰҒЫЛ ТЕЖЕУ – ШАРАСЫЗДЫҚ БЕЛГІСІ

Атырау жүк тасымалы бөлімшесінде биыл қозғалыс қауіпсіздігінің өрескел бұзылу оқиғасы тілкелмеген. Өткен 10 айда өндірістік жарақат алу жағдайы да болмаған. Бұл, әрине, ең алдымен қауіпсіздік пен еңбек қорғауды қамтамасыз ету бағытында жүргізілген кешенді жоспарлы іс-шаралар нәтижесі екені анық.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Сонымен қатар, басшылар тарапынан кенеттен тексеру жүргізу, станцияларда жұмысшылармен технологиялық процесті, қауіпсіздік техникасының ережелерін сақтауды қадағалауы да оң әсер еткен. Алайда, бөлімше аумағында тепловоздардың шұғыл тежеу беруі кемімеген, керісінше артып кеткен. Өйткені темір жол бойында иесіз жүрген мал көп. Атырау жүк тасымалы бөлімшесі бойынша 10 айда 60 мал басу оқиғасы тіркелген. Темір жолдағы желілік полиция дерегінше, мал әсерінен локомотивті шұғыл тежеудің екі жүзден астам оқиғасы тіркеліп, пойызға басылған мал саны 122-ге жеткен. Оның ішінде 48 сиыр, 56 жылқы, 17 түйе бар. «Жол бойына малдың шығып кетуі теміржолға үлкен кедергі келтіруде. Машинистер еріккеннен тоқтай ма, шұғыл тежеу – шарасыздың ісі, жолға шыққан адамды немесе малды баспаудың амалын қарастырып, лажсыз оқыс тежеу береді. Шұғыл тежеудің өз зияны бар – тепловоз тұрып қалады, бүлінеді, уақыт кетеді, вагон аударылу, жолаушылар жарақат алу қаупі бар. Сондықтан, халық малға ие болуы керек дегенді түсіндіре алмай-ақ қойдық» деп шарасыз бас шайқайды бөлімшенің бас инженері Б.Картан.

ҚАУІП ЕТКЕННЕН АЙТАМЫЗ...

ЖИЫН

Өкінішке орай, соңғы кездері теміржолда адам қағу және мал басу фактілері азаймақ түгілі, қайта жиілеп кеткен. Теміржошылар мен тәртіп сақшылары соңы шығынға ұшырататын осындай келеңсіз оқиғалардың алдын алу үшін күресіп келеді.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Жуырда Өзен станциясында теміржолшылар мен жергілікті билік, желілік полиция өкілдері бас қосқан жиын өтті. Басқосу жол бойындағы жиілеп кеткен қауіпсіздікке нұқсан келтіретін жағдайларды азайту, келеңсіз оқиғалардың алдын алуға арналды. түбек теміржолының басшылары жергілікті билікке бұл тұрғыда өз ұстанымдарын білдіріп, талап-тілектерін жеткізді. Мәселен, кей жерлерде теміржол үстімен өтетін көпір болмағандықтан тұрғындар жолдың кез келген жерінен кесіп өтеді деп жатады. Бірақ Өзен станциясында мәселе көпірге тәуелді емес көрінеді. Себебі станцияда жолаушыларға арналған көпір бар, дегенмен адамдар жолдың белгіленбеген жерінен, вагон астымен өтетін жағдайлар тыйылмай отыр, тіпті көп кездеседі екен. Маңғыстау қосалқы бөлімшесі бастығының бірінші орынбасары Ерлан Бүркітов пен қозғалыс қауіпсіздігі бас ревизоры Болат Дүйсәлиев осы бағыттағы басты мәселелерге тоқталып, оның шешімін табу үшін қажетті алғышарттарды атады.

Жиынға қатысқан Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесі бастығының орынбасары А.Назаров, Маңғыстау станциясындағы желілік полиция бөлімінің Әкімшілік полиция бөлімшесінің басшысы Н.Қуанов және Жаңаөзен, Болашақ, Бопай, Жетібай, Қарақия станцияларының басшылары сөз алып, ойларын ортаға салды.

– Станцияда жаяу жүргіншілерге арналған көпір бар, бірақ адамдар сол дайын көпірден көбіне өте бермейді. Ерінеді, шығып түсіп жүруге, жолды жақындату үшін вагон астымен, пойыз арасымен өтуді әдетке айналдырған. Қауіп-қатерді халыққа ескертуден кенде емеспіз, мектептер мен мекемелерге де жиі барып кездесу өткіземіз, нәтиже жоқ. Әйтсе де, енді желілік полиция, әкімдік және станция қызметкерлері теміржолшылардан біріккен топ көпшілік өтетін жолда таңертеңгі, түскі және кешкі уақыттарда күн сайын, апта сайын рейд ұйымдастыруды тұрақты жолға қою керек шығар. Бірінші рет ескерту берілсе, келесі жолы қайталанса, айыппұл салынса, ол адам келер жолы ондай әрекетке бармас еді. Балаларына да түсіндірер еді, – деген ұсыныс Жаңаөзен қаласы мен Қарақия ауданы әкімдіктері тарапынан қолдауға ие болды.

Жиын барысында келтірілген статистикаға назар аударсақ, теміржолшылардың дабыл қағуындай-ақ бар екен. Өткен қазан айының өзінде Маңғыстау теміржолында машинистер 66 рет шұғыл тежеу қолданыпты. Оның жетеуінде мал басылған. Ал жыл басынан бергі он ай ішінде бұл көрсеткіш тіпті жоғарылап, 529-ға жеткен. Былтырғы кезеңмен салыстырғанда 198-ге артқан. Қарашаға дейін тіркелген бұл көрсеткіштің біреуінде пойыз астына адам түссе, 98-де мал басылған, 2 оқиғада жылжымалы құрам автокөлікпен соқтығысқан.

Маңғыстау теміржол бөлімшесінде адам мен мал басуға жол бермеу бағытында кешенді алдын алу жұмыстары жүргізілуде. Соған байланысты біз жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарының, ірі теміржол тораптарында көліктік бақылау инспекциясының қатысуымен осындай кеңестер өткізуді жоспарладық. Бүгінге дейін мұндай жиын Маңғыстау, Бейнеу станцияларында ұйымдастырылды, енді Өзен станциясында өткізіп отырмыз. Әрине бәрімізге белгілі, темір жол – қауіпті аймақ. Бірақ жекелеген азаматтардың жауапсыздығы мен бейқамдығы қаншама қайғылы оқиғаларға себеп болып, салдарынан талай адамның тағдыры тәлкекке түсіп, қанша өмір үзіліп, ақ-адал малымыз арам қатып жатыр. Теміржолға қауіп төнгізумен қатар мал иесінің отбасылық бюджетіне қанша шығын келтіреді. Ал адамдардың өзін де пойыз басып кеткендегі қайғы-қасіретті айтып жеткізе алмаймыз... Сол үшін тұрғындардан темір жол бойында сақ болуды, малға да, жанға да абай болуды сұраймыз, әсіресе жастар жағы құлақтарын телефонның баулығымен бітеп алып жүруді әдетке айналдырды, бұл өте қауіпті, – дейді Маңғыстау қосалқы бөлімінің басшысы Нәжімеден Ғұбашов.

Суретті түсірген автор

№95 (2703) 16/11/2021

С КОРРУПЦИЕЙ НЕ ПО ПУТИ

КОМПЛАЕНС

Как известно, в своем Послании Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев отметил, что борьба с коррупцией является одним из приоритетов стратегического развития страны. Для АО «НК «ҚТЖ», как субъекта квазигосударственного сектора, вопрос о необходимости усиления борьбы с коррупцией во всех сферах железнодорожной отрасли также не теряет своей актуальности.

Асель ШАЙХЫНОВА,
Нур-Султан

В компании антикоррупционной борьбе особая роль отведена именно комплаенс-службе. И, по словам руководителя комплаенс-службы АО «НК «ҚТЖ» Ирины Капановой, очень важно антикоррупционное просвещение. Конечно же, в компании нет сомнений в том, что львиная доля успеха в противодействии коррупции – это формирование антикоррупционной культуры.

Главным фактором в противодействии коррупции является обучение по вопросам этики и комплаенс. Так, с начала года обучение прошли около 12 тысяч работников ҚТЖ и его дочерних организаций. Для полного охвата работников обучающими семинарами разработаны онлайн-курсы на такие темы как «Противодействие коррупции» и «Кодекс этики и поведения». При этом предусмотрена обязательная последующая сдача тестов, которые размещены в системе дистанционного обучения и тестирования.

Для пилотной апробации обучающий курс «Противодействие коррупции» был назначен всем должностным лицам и работникам филиала «Костанайское отделение магистральной сети». По результатам его прохождения с последующей сдачей теста получены неплохие результаты. Так, общее количество работников, прошедших курс, – 2 766, средний балл по итогам прохождения теста – 92. А общее количество работников, набравших менее 60% баллов (минимальный порог), – 172.

После успешной апробации указанные курсы были назначены должностным лицам и работникам АО «Кедентранссервис», АО «Қазтеміртранс» и АО «KTZ Express».

По состоянию на 15 октября текущего года уже получены результаты прохождения курсов. По теме «Противодействие коррупции» обучение прошли 846 работников, средний балл – 73,5, по теме «Кодекс этики и поведения» – 808 работников, средний балл – 80,8.

Помимо прочего, службой проведена работа по внедрению модуля «Комплаенс» в корпоративное мобильное приложение, пользователями которого являются более 100 тысяч работников группы компаний АО «НК «ҚТЖ».

При этом, в компании с 8 апреля по 28 мая 2021 года проведен внутренний анализ коррупционных рисков в деятельности ҚТЖ и всех его дочерних организаций с участием представителей проектного офиса «Адал жол» Агентства РК по противодействию коррупции.

Результаты анализа указывают, что, несмотря на принимаемые меры по снижению причин и условий, способствующих возникновению коррупции, высокие риски выявлены при оказании услуг, в осуществлении закупочной деятельности, управлении персоналом и исполнении договоров.

В целях их минимизации разработаны конкретные мероприятия по устранению причин и условий, создающих коррупционные проявления.

В настоящее время владельцами бизнес-процессов с участием представителей проектного офиса «Адал жол» проведена большая работа. Так, произведена актуализация внутренних документов на предмет исключения дискреционных полномочий и норм, создающих условия для проявления коррупции; усиления ответственности и внедрения контрольных процедур, в отраслевые министерства и ведомства направлены предложения по автоматизации процесса выдачи технических условий на примыкание подъездных путей и согласование проектной документации; по внесению изменений в Правила перевозок грузов в части возможности применения безбумажной технологии при оказании услуг по подаче/уборке вагонов, которые уже утверждены МИИР РК.

В компании есть каналы конфиденциального информирования, в том числе «горячая линия». Посредством этих каналов работники и третьи лица могут выразить свою обеспокоенность по аспектам деятельности компании. Контакты «горячей линии» размещены на корпоративном веб-сайте в корпоративном мобильном приложении в модуле «Комплаенс», в офисных помещениях и на производственных площадках.

КОНКУРЕНТНОЕ ПРЕИМУЩЕСТВО

ЭКОЛОГИЯ

АО «ОТЛК ЕРА» планирует апробировать на евразийском пространстве пилотные проекты по внедрению технологических инноваций с учетом принципов перехода к безуглеродной железнодорожной логистике.

Любовь РОВБА,
Нур-Султан

Сфера транспорта производит до 20% всех выбросов углекислого газа в атмосферу, популяризация именно железнодорожного сообщения как наиболее экологичного в грузоперевозках на дальние расстояния является ключевым шагом в сокращении выбросов парниковых газов транспортным сегментом во всем мире.

